

### 13-апта

#### № 25-26 Дәріс тақырыбы Сөз таптары

1. Грамматикалық топтар туралы түсінік
2. Сөздерді топтастыру принциптері және сөз таптары
3. Сөз таптарының шығуы мен дамуы

1. Қазақ тіліндегі сөздерді семантикалық сипаттары, морфологиялық түрлену жүйесі, және синтаксистік қызметтері жағынан топтастыру орын алған. Осындай топтастыру негізінде сөздердің үш тобы ажыратылады: атаушы, көмекші, одағай сөздер. Атаушы сөздерге жеті атаушы сөз жатады. Көмекші сөздерге шылау, көмекші есімдер мен көмекші етістіктер жатады. Бұл топтастырудың бастамасын А.Байтұрсыновтан табамыз. 1914 жылғы А. Байтұрсыновтың "Тіл құрал" атты оқулығында сөздерді алдымен атауыш сөздер, шылау сөздер деп екі үлкен топқа бөлген. Атауыш сөздерге: зат есім, сын есім, сан есім, есімдікті жатқызған. Шылау сөздерге үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөздерді жатқызған. "Тіл құралдың" 1915 жылғы басылымында сөз таптары туралы пікіріне біраз өзгерістер енгізген. Оқулықтың бұл басылымында А.Байтұрсынов сөздерді бұрынғы басылымдағыдай екі үлкен топқа бөлмеген. Сөздерді 9 топқа бөлген: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай.

А. Ысқақов барлық сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай үш топқа (атаушы, көмекші, одағай) бөлінеді деп атап көрсеткен. С.Исаев мұндай үш топқа бөлуде морфологиялық белгілердің еш қатысы жоқ дейді. «Морфологиялық белгі дегеніміз сөздердің түрлену/түрленбеу сипаты десек, атаушы сөздердің өз ішінде түрленетіні де, түрленбейтіні де бар. Сол сияқты көмекші сөздердің кейбірі, мысалы, көмекші есім мен көмекші етістіктер, түрленеді, кейбірі түрленбейді, мысалы, шылау. Сондықтан морфологиялық белгі сөздерді аталған үш топқа бөлуге негіз бола алмайды» (С.Исаев). Екінші, «семантикалық белгі дегенді де ашып алу керек» дейді С.Исаев. Лексикалық семантика емес, грамматикалық семантика басты назарда болады. Мысалы, көмекші сөздерге жататын көмекші есімдер зат есім сөз табы аясында, көмекші етістіктер лексикалық мағынасы бар ма, жоқ па бәрібір сөз табы жағынан етістік сөз табы аясында қаралады. Мұның өзі сөздерді сөз таптарына бөлуде сөздердің лексикалық мағынасы көрсеткіш бола алмайтынын көрсетеді. Сөз таптары - лексикалық емес, грамматикалық топтар.

Дегенмен олардың арасындағы байланыстылықты жоққа шығаруға болмайды. Сөздің лексикалық сипаты мен грамматикалық сипаттарының арасында байланыс бар. Ол лексикалық мағынаның абстракцияланып жалпы грамматикалық мағынаға ауысуы кезінде байқалады. Екіншіден, сөз таптары, ең алдымен, атаушы сөздердің грамматикалық сипаттары негізінде жіктелетін грамматикалық топтар. Себебі көмекші сөздерде абстракцияланып, жалпы грамматикалық мағынаға айналатын лексикалық мағына жоқ. Ал сөздерді қарастырғанда жалпы грамматикалық мағынаның болуы шешуші рөл атқарады. Үшіншіден, атаушы сөздер грамматикалық қасиеттерінің, белгілер жүйесінің ортақтығы арқылы топталып, сөз таптары ажыратылады. Төртіншіден, көмекші сөздер грамматикалық сипаттары жағынан өздері шыққан негізгі сөздерден айырмашылығы болмай не онша алшақтап кетпесе, сөз таптары грамматикалық сипаттағы сөз табы болғандықтан да, сол өздері шыққан сөз таптары аясында қаралады. Мысалы, көмекші есімдер зат есімдерден шығып, лексикалық мағыналары солғындаған болса да, грамматикалық сипаттары жағынан (түрлену, синтаксистік қызметі) зат есімнен алшақтап кетпегендіктен, зат есім шеңберінде қаралады. Көмекші етістіктер (жіктелуі, рай, шақ т.б.) грамматикалық сипаттары жағынан етістік аясында қаралады. Бесіншіден, қалған көмекші сөздер шылаулар, одағайлар, модаль сөздер грамматикалық сипаттары негізінде емес, ерекше қолданыстық-семантикалық қызметтері негізінде жеке-жеке сөз таптары (С.Исаев).

Сөздерді таптастыру принциптері сондықтан да тек атаушы сөздерге қатысты болып келеді.

2. Сөздерді сөз таптарына бөлу белгілі бір принциптерге сүйенеді. Принциптер сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделеді.

Әрбір атаушы сөздің лексикалық мағынасы болады. Сол лексикалық мағынасы арқылы сөздер бір-бірінен бөлініп тұрады. Мысалы, *көк* - аспан түстес түс, *алу* - нақты алу қимылы, *бес* – төрттен кейінгі есептік сан. Осы сөздердің заттың сынын, енді бірі заттың қимылын білдіру, заттың санын білдіру сияқты мағыналары тағы бар. Бұл мағына - лексикалық мағынаның жалпылануы, абстракциялануы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағына. Мысалы, *көк* - «аспан түстес түс» лексикалық мағынасы болса, оның жалпылануы, абстракциялануы нәтижесінде жалпы сын атауы жалпы грамматикалық мағына пайда болады.

Дәл осылай заттың атауын, заттың сандық сипатын білдіретін сөздер, заттың түрлі іс-әрекетін, процесін білдіретін сөздер, қимылдың әртүрлі амалын, мезгілін, мекенін, себебін т.б. белгілерін білдіретін сөздер, сондай-ақ атау сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер болады. Сонда, бұл жалпы грамматикалық мағына лексикалық емес, грамматикалық семантика болып табылады. Сондықтан сөздерді грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеуде ұстанатын басты принцип семантикалық принцип болады.

Морфологиялық принцип. Грамматикалық топтарға тән түрлену жүйесі, өзгеру парадигмасы және түрленбеу, өзгеріске түспеу сипаттары. Мысалы, зат атауын білдіретін сөздерге көптелу, септелу, тәуелдену тән, соған орай сан-мөлшер, септік, тәуелдік категориялары бар. Қимыл-іс әрекетті білдіретін сөздерге жіктелу (жақ), шақты білдіру (шак), модалдылықты білдіру (рай), болымды-болымсыздықты, салт-сабақтылықты, субъект-объектімен әртүрлі қарым-қатынасты білдіру тән. Ал заттың сынын білдіретін сөздер, заттың санын білдіретін сөздер, қимылдың әртүрлі сипатын білдіретін сөздер - арнайы грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер. Ал орынбасар сөздер қай сөздің орнына жүрсе, солар сияқты түрленеді не түрленбейді.

Синтаксистік принцип - сөздердің сөйлемде белгілі бір қызмет атқаруы және тіркесу сипаты. Мысалы, зат атауын білдіретін сөздер атау тұлғада тұрып қимыл, іс-әрекеттің иесі - бастауыш, табыс септігінде келіп тура толықтауыш, жіктеліп келіп - баяндауыш, ілік септікте және екінші затпен қатыстық сындық қатынаста келіп анықтауыш, көлемдік септіктерде келіп пысықтауыш, кейде жанама объект мәнінде толықтауыш қызметтерін атқарып, атау тұлғада предикатпен қиыса байланысады. Ілік септікте екінші сөзбен тәуелдік жалғауында матаса байланысады, екінші сөзбен түбір күйінде орын тәртібі арқылы қабыса байланысады, табыс және көлемдік септіктерде меңгеріле байланысады. Ал қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер жіктеліп келіп баяндауыш, көсемше тұлғасында пысықтауыш, белгілі түрлері атау тұлғада заттанып барып бастауыш, есімше тұлғасында анықтауыш, табыс және көлемдік септіктерде заттанып барып толықтауыш қызметтерін атқарып, грамматикалық субъектімен жіктеліп келіп қиыса байланысады. Заттың сынын және санын білдіретін сөздер зат атауларын анықтап, затпен қабыса байланысады, заттанып барып бастауыш, толықтауыш, адамға қатыстысы жіктеліп барып баяндауыш қызметін атқарады. Қимылдың әртүрлі сипатын білдіретін сөздер қимыл мәндегі сөздермен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарады. Ал есім орынбасар сөздер өздері орнына жүретін сөздердің синтаксистік қызметін атқарып, солар байланысқа түсетін сөздермен тіркеседі.

Бұл сияқты қасиеттер көмекші сөздерде - шылау, одағай, модаль сөздерде - болмайды. Осы көрсетілген принциптер негізінде атаушы сөздерді мынадай сөз топтарына бөлеміз. Зат атауын білдіретін сөздер - зат есім, заттың сынын білдіретін сөздер - сын есім, заттың санын білдіретін сөздер - сан есім, атау сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер - есімдік, заттың түрлі іс-әрекетін, процесін білдіретін сөздер - етістік, қимылдың әртүрлі амалын, мезгілін, мекенін, себебін т.б. белгілерін білдіретін сөздер - үстеу, әртүрлі дыбыстарға, қимыл-қозғалыстарға еліктеп айтылатын- еліктеу сөз. Бұлар атаушы сөздер. Шылау, одағай, модаль сөз (С.Исаев) - көмекші сөздер.

3. Сөз таптары қалай пайда болды деген сұрақта зерттеулерде екі негізгі пікір бар. Біреуі И.И.Мещаниновтің еңбегіне сүйеніп айтылатын сөз таптары сөйлем мүшелері ретінде қолданыла келе қалыптасты деген пікір. Екіншісі – А.А.Потебняның еңбегіне сүйенген сөз таптарының кейбір түрлерінің белгілі бір сөз табынан шығып қалыптасқаны туралы пікір.

И.И.Мещанинов «Сөз таптары мен сөйлем мүшелері» еңбегінде (1945) сөз таптарының шығуын сөйлем мүшелерімен байланыстырады. "Сөйлем мүшелері мен сөз таптары" (М., 1945) деген кітабында былай деп жазды: "Сөйлемде зат есім - бастауыш немесе толықтауыш, сын есім - анықтауыш, үстеулер – пысықтауыш, етістіктер — баяндауыш ретінде жұмсалады. Олай болса, сөз таптары сөйлем мүшелері болу арқылы бөлініп шықты", - дейді (203б.). Тағы бір пікірлерде сөз таптарының кейбірі белгілі бір сөз табынан шығып қалыптасты делінген. Осыған ұқсас пікірді А.А.Потебня да айтқан: "Сын есімдер зат есімдерден бөлініп шықты. Зат есімнен сын есімнің бөлініп шығуы дегеніміз зат есімнің (анықтауыш) мүше ретінде қолданылуы» (1899 жылы «Из записок по русской грамматике» еңбегінде (III бөлім, 86-6.). Сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі бір сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалып барысында қалыптасты ма әлде .

Тілдің көне шағында сөз таптары қазіргідей семантикалық та, грамматикалық жағынан да ажырап тұрмаған. Сөздер бір-бірімен орын тәртібі арқылы таза аналитикалық жолмен байланысқан. Ең алдымен, есімдер мен етістіктер ажыратыла бастаған. Бір сөз әрі есім, әрі етістік ретінде жұмсалған. Бұған дәлел: қазір омоним деп танылып жүрген **түркі синкретизмі**. Мысалы, *тоң, көш, ық, ой, той т.т.* Ең алдымен, есім (зат есім) және етістік қалыптасқан. Сөйлемдегі қызметі мен орын тәртібінің тұрақталуы нәтижесінде есімдер субъект, объект есебінде, сөйлем соңындағы сөздер предикат қызметінде жұмсалып, тұрақтанған. Тіл дамуының келесі сатысында есімдердің өзі іштей саралана бастайды: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу. Сондай-ақ жеке сөздердің әрі сын есім (жаңа үй), әрі үстеу (жаңа келді), немесе әрі зат есім (фильмнің соңы), әрі үстеу (соң келді) және одан әрі септулікке, одан қосымшаға айналу процесі де тарихи дамудың нәтижесі: барғаннан соң - барған соң - барғасын т.б. Сонымен бірге сын мен сан есімнің прономиналданып есімдікке, адвербиалданып үстеуге айналуы (бір, біреу, бірге). Қазақ тілінде көсемше формалы етістіктердің пысықтауыш қызметінде үнемі жұмсала келіп, әбден қалыптасуынан және ондай формалардың көнеленуінен жасалған үстеулер де бар. Мысалы: *аздап, аз-аздап, қайыра, жағалай, таласа-тармаса* т.б. Етістіктің сын есімге (сүзеген сиыр, қабаған ит, құттықтау сөз) және үстеуге (айнал-а, лық-а, әдей-і, өт-е) айналғанын көруге болады.

Сөз таптары тілдің дамуы барысында тарихи ұзақ процестің барысында қалыптасады деген пікірдің негізділігіне үстеулердің жасалуын мысал ретінде келтіреді. Қазақ тіліндегі зорға, босқа; кейде, қапыда, бірде; жайымен, ретімен; жүресінен, кенеттен сияқты септік жалғауларымен қолданылған сөздердің бір-бірте үстеудің қатарына ауысқанын тілдік дәлел ретінде көруге болады. Олардың түбірлері — зат есімдер (қапы, жайы, реті), сын есімдер (бос, зор), сан есімдер (бір), есімдіктер (кей). Мұндай құбылыс орыс тілінде де кездеседі: вечером, порой, издавна, вплотную т.б. Демек, бұл бірінші пікірді растай түседі, яғни кейбір сөздер белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсала келе, айталық пысықтауыш қызметінде, үстеу сөз табына айналған. Жалғаулар қазіргі грамматикалық қызметінен айырылып, сөздің бөлінбейтін бөлшегіне айналып кеткен.

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар бар. Мәселен, А.А.Потебня, А.А.Шахметов, И.И.Мещанинов, В.В.Виноградов сияқты ғалымдар сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп қарайды. Бұлардың пікірінше, әрбір сөз табының мағынасы сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасынан құралады. (С.Исаев пікіріне қайшы)

Ф.Ф. Фортунатов болса сөз таптарын морфологиялық-грамматикалық, (формальды-грамматикалық) категория деп қарайды. Ол сөздерді алдымен "түрленетін" және

"түрленбейтін" (үстеу) сөздер деп топтастырады да, түрленетін сөздерді "септелетін" (зат есімдер), "жіктелетін" (етістіктер) сөздер деп, іштей тағы да жіктейді.

Сөз таптарын таза грамматикалық категория деп қарайтын лингвистер де бар. Мысалы, О.П.Суник сөз таптарын классификациялауда тіл білімінде негізге алынып жүрген заттық, атрибуттық, іс-әрекет (процесс) тәрізділерді лексикалық мағына емес (ал А.А. Шахматов бұларды лексикалық мағынамен ұштастырады), жалпы грамматикалық мағына деп есептейді. Оның пікірінше, заттылық – зат есімдерге тән және оны басқа сөз таптарынан ажырататын жалпы грамматикалық мағына. О.П.Суник сөз таптарының әрқайсысына тән жеке грамматикалық категориялар мен мағыналарды, грамматикалық формаларды сөз таптарын ажырататын белгілер ретінде емес, сөз таптарының әрқайсысының өзіне тән жалпы грамматикалық мағынасынан туатын, соған байланысты құбылыстар деп қарайды.

**Сөз таптарының категориялау тарихы.** Сөз таптары туралы түсінік Ежелгі Грецияда дами бастады. Бастапқыда ол біздің бүгінгі күнгі үйренгенімізден мүлдем басқа жолмен тұжырымдалған. Бұл бірінші түсінік шын мәнінде тіпті арнайы грамматикалық сұраулардың өнімі емес еді, өйткені ол кезде мұндай грамматиктер болған жоқ (Робинс 1966, 8). Оның орнына, анықталған сөйлеу бөліктері логика мен риторика призмасы арқылы қарастырылды. Сондықтан да сөз таптары туралы тұжырымдар грамматикалық кітаптарда емес, ең алдымен грамматикаға қатысы жоқ философиялық трактаттардан табылды (Робинс 1966, 8).

Сөз таптарының философиялық түсінігін алғаш Платон ұсынған, бірақ кейінірек Аристотель де қолданған. Бұл ұғымның грек термині *mérē lógon* болды, оны «сөйлем бөліктері» деп аударуға болады (Robins 1966, 7). Қазіргідей емес, ол кезде сөз категорияларына қатысты емес. Ол сөйлемдерді екі бөлікке бөлуге болатынын байқауға негізделген, олардың бірі *ónoma* және екіншісі *rhē ma* деп аталады (Robins 1966, 7). Біріншісі не туралы айтып жатқанымызды және табиғаты бойынша номиналды екенін айтады, ал екіншісі біз айтып отырған нәрсе туралы бірдеңе айтып береді және табиғаты жағынан вербалды. Аристотель Платоннан ерекшеленді, ол *sýndesmos* деп аталатын үшінші сөйлем мүшесін қосты, оған қазіргі кездегі жалғаулар, артиклдер және есімдіктер кіреді (Robins 1966, 10). Жоғарыда айтылғандай, сөйлеу мүшелерінің бұл түсінігі, алайда, қазіргі уақытта бұл термин арқылы түсінетінімізден басқаша. Қазіргі көзқарас бойынша, Платон ұсынған сөйлемдерді екі негізгі бөлікке бөлу басқа ұғымға ұқсайды, атап айтқанда *тақырып пен түсініктеме*.

The Greek term for this notion was *mérē lógon*, which can be translated as ‘sentence parts’ (Robins 1966, 7). Unlike today, it did not refer to word categories then. It was based on the observation that sentences can be divided into two parts, one of which is called *ónoma* and the other *rhē ma* (Robins 1966, 7). The former tells us what we are talking about and is nominal in nature, while the latter tells us something about what we are talking about and is verbal in nature. Aristotle differed from Plato in that he added a third sentence part called *sýndesmos*, which included what is now known as conjunctions, articles, and pronouns (Robins 1966, 10). As mentioned above, this concept of parts of speech is, however, different from what we understand by that term nowadays. From the current standpoint, the division of sentences into two main parts as suggested by Plato resembles a different concept, namely, that of topic and comment. Since that is not what we are concerned here with, it makes little sense to dwell on it any further.

Грамматиканы философиядағы жеке пән ретінде қарастыруын Стоиктерге жатқызуға болады. Сөз таптарының платондық/аристотельдік нұсқасын қазіргі концепцияға әлдеқайда жақын нәрсеге айналдырған да осы стоиктер болды. Олар *mérē lógon*-ды сөйлем мүшелері емес, сөз категориялары ретінде қарастыра бастады. Осылайша, олар грамматиктің негізін қалады

Дионисий Фракс және оның бұл мәселені зерттеуі. Стоиктер сөз таптарының жүйесін бірнеше рет өзгертіп, категориялар санын алтыға дейін кеңейтті (Робинс 1966, 13).

However, the first important milestone in the evolution of the concept of parts of speech came only when the Greek grammarian Dionysius Thrax set out his system of eight parts of speech in his book *Tékhnē grammatiké* (The Art of Grammar).

Дегенмен, сөз таптары концептісі эволюциясындағы алғашқы маңызды кезеңі - грек грамматигі Дионисий Тракс өзінің «*Tékhnē grammatiké*» (The Art of Grammar/«Грамматика өнері») кітабында сегіз сөз табының жүйесін белгілеуінде болды. Бұл кітап педагогикалық сипатта болды және классикалық грек тілін оқыту мен үйренуге көмектесуі керек еді. Мынадай сөз таптары аталған:

- *ónoma* (noun):

- “a declinable part of speech, signifying something either concrete or abstract (concrete, as stone; abstract as education); common or proper (common, as man, horse; proper, as Socrates, Plato)” (склоняемая часть речи, обозначающая что-то конкретное или абстрактное (конкретное, как камень; абстрактное, как образование); нарицательное или собственное (нарицательное, как человек, лошадь; собственное, как Сократ, Платон)

- five attributes: number (singular, dual, plural), gender (masculine, feminine, neuter), form (simple, compound, super-compound), species (primitive, derivative), case (падеж) (nominative, generic, dative, accusative, vocative)

- verb:

- “an indeclinable word, indicating time, person, and number, and showing activity or passivity” (несклоняемое слово, обозначающее время, лицо и число, и показывающее активность или пассивность)

- eight attributes: moods (indicative, imperative, optative, subjunctive, infinitive), voices/dispositions (passivity, activity, mediality), form (simple, compound, super-compound), species (primitive, derivative), number (singular, dual, plural), person (first, second, third), tense (past, present, future), conjugation

(восемь атрибутов: наклонения (указательный, повелительный, оптативный, сослагательный, инфинитив), голоса / диспозиции (пассивность, активность, медиальность), форма (простая, сложная, суперсложная), виды (примитив, производная), число (единственное, двойственное, множественное число), лицо (первое, второе, третье), время (прошедшее, настоящее, будущее), спряжение)

- participle :

- “a word partaking of the nature both of nouns and verbs”

- It shares attributes with both nouns and verbs. The exceptions are mood and person.

причастие:

- «слово, имеющее природу как существительных, так и глаголов»

- Он разделяет атрибуты как с существительными, так и с глаголами. Исключение составляют наклонения и лицо.

- article:

- “a declinable part of speech prefixed or subjoined to the various cases of nouns”

- It has different forms when prefixed and when subjoined.

- three attributes: gender, number, case

- артиклы:

- «склоняемая часть речи с префиксом или присоединением к различным падежам существительных»

- Он имеет разные формы при добавлении префикса и при присоединении.

- три атрибута: род, число, падеж

- pronoun:

- o “a word assumed instead of a noun, and indicating definite persons”

- o six attributes: person, gender, number, case, form, species
- местоимение:
  - o «слово, взятое вместо существительного и указывающее на определенных лиц»
  - o шесть атрибутов: лицо, род, число, падеж, форма, вид
- preposition:
  - o “a word placed before any of the parts of speech, both in Composition and in Syntax”
  - предлог:
    - o «слово, помещенное перед любой частью речи, как в композиции, так и в синтаксисе»
- adverb: o “an indeclinable part of speech, said of a verb or added to a verb”
  - наречие: o «**неотступная** часть речи, сказанная о глаголе или добавленная к глаголу»
- conjunction: o “a word binding together a thought in order and filling up the hiatuses of speech”
  - союз: o «слово, объединяющее мысль по порядку и заполняющее паузы речи»

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздер. – Алматы, 1996.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. –Алматы, 2009.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999, 2010.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. –Алматы, 1992.
6. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. –Алматы, 2007.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007
9. Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. - Алматы, 2001
10. Қордабаев Т.Р. Жалпы тіл білімі. - Алматы, 2004